

БАСТАУЫШ МЕКТЕПТЕ ДЕНСАУЛЫҚ САҚТАУ КЕҢІСТІГІН ҚАЛЫПТАСТЫРУ ЖҰМЫСТАРЫН БАСҚАРУДЫҢ БАСТЫ ҚАҒИДАТТАРЫ

Таласбаева Әсел Ашығалиқызы

aigul_bekbol@mail.ru

7M01301 «Білім берудегі менеджмент» білім бағдарламасының 2 курс магистранты
Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университеті, Атырау қ, Қазақстан Республикасы
Ғылыми жетекшісі, қауымд.профессор, п.ғ.к. - Утешкалиева А.М.


Бастауыш мектептегі білім беру процесінің басты ерекшеліктерін ескере отырып денсаулық сақтау кеңістігін қалыптастыру жұмыстарын басқарудың басты қағидаттары негізделеді. Бұл аталмыш қағидаттарға бастауыш мектептегі немесе жалпы мектеп әкімшілігіндегі базалық басқару стратегиялары талқыға салынады және басқару стратегиялары дәл осы денсаулық сақтау кеңістігін, атап айтар болсақ оқушы үшін оның денсаулығына қауіпсіз болатын орта қалыптастыруға бағытталады.

Бастауыш мектепте денсаулық сақтау кеңістігін қалыптастыру жұмыстарын басқарудың қағидаттары жүйелі жүргізілуді қажет етеді. Төменде аталған қағидаттардың барлығы дерлік жүйелі тұрғыда ұйымдастырлса және басқару тактикалары мен шешімдері өз деңгейінде жүзеге асса ғана денсаулық сақтау кеңістігі қалыптасуы ықтимал. Бұл дегеніміз әрбір қағидаттың өз орны бар, маңыздылығы ерекше дегенді білдіреді.

Бастауыш мектепте денсаулық сақтау кеңістігін қалыптастыру жұмыстарын басқарудың жүйелелік және кешенділік қағидаттары. Бастауыш мектепте денсаулық сақтау кеңістігін қалыптастыруда оқушылардың жас және физиологиялық ерекшеліктері, оқушылар ортасындағы эмоционалды ахуал (балаға қолдау көрсету мүмкіндіктері) және оқушылардың денсаулығына оң ықпал ететіндей (немесе зиян келтірмейтіндей) оқу жағдайы –осы үш фактор (компонент) ескерілсе ғана бастауыш мектепте денсаулық сақтау кеңістігін қалыптастыруға болады деп айтылған еді. Міне, бастауыш мектептегі білім беру процесінің басты ерекшеліктерін ескере отырып денсаулық сақтау кеңістігін қалыптастыру жұмыстарын басқарудың бірінші қағидаты-осы үш компоненттің мониторингтік көрсеткіштерін ескере отырып, өзара бір-бірін толықтыратын, өзара байланысты басқару моделін құрастыру және осы басқару үлгісін (моделін) жүзеге асыру.

Басқарудың бірінші қағидатын жүзеге асыруда оқу процесінің келесі қатысушылары (негіздеушілері) ат салысуы тиіс:

- мектеп әкімшілігі.
- мектеп педагогы.
- медициналық қызметкерлер.
- мектеп психологы.
- оқушының ата-анасы (сурет-1).



Сурет-1. Денсаулық сақтау кеңістігін қалыптастыру жұмыстарын басқарудың бірінші қағидаты бойынша кеңістікті негіздеушілер

Бастауыш мектепте денсаулық сақтау кеңістігін қалыптастыру жұмыстарын басқарудағы «Оқушының денсаулығы-оның оқу үлгерімінен де жоғары тұратын құндылық» атты қағидаты. Аталмыш қағидат гуманистік идеяларға сүйенеді. Ол бойынша кез-келген білім беру процесі білім алушылардың денсаулығына зиянын тигізбеуі керек деген ұстаным алға шығарылады.

«Оқушының денсаулығы-оның оқу үлгерімінен де жоғары тұратын құндылық» атты қағидатқа негізделі отырып, бастауыш мектепте денсаулық сақтау кеңістігін қалыптастыру жұмыстарын басқаруда стратегиялар мен шешімдердің негізінен алдын оқушының денсаулығын сақтау мен қорғауға бағытталуын қадағалаумен ерекшеленеді. Мәселен, келесі басқару шараларын жүргізгенде оқушының оқу үлгерімі емес, ең алдымен баланың жас және физиологиялық ерекшеліктері мен мүмкіндіктері, денсаулығы ескеріледі, мысалы:

- бастауыш мектепте сабақ кестесін құрастырғанда.
- бастауыш мектепте оқу бағдарламалары таңдалғанда.
- оқушыларға сыныптан тыс шараларды ұйымдастырғанда және т.б.

Бастауыш мектепте денсаулық сақтау кеңістігін қалыптастыру жұмыстарын басқарудың ғылымға негізделу қағидаты. Қазіргі таңдағы білім беру менеджменті қарқындап дамып келе жатқан ғылым саласы болып табылса да, оқу процесін және мекемені басқаруда осы уақытқа дейінгі ғылыми айналымдағы ең табысты ғылыми жетістіктердің жемістерін пайдалану басқару шараларын алға өрбітетіндігі де анықталып отыр.

Бастауыш мектепте денсаулық сақтау кеңістігін қалыптастыру жұмыстарын басқаруда мынадай ғылым салаларының зерттеулеріне сүйенген абзал, мәселен:

- балалардың жас ерекшеліктер физиологиясы ғылым саласының теориялық және практикалық зерттеулерін бастауыш мектепте денсаулық сақтау кеңістігін қалыптастыру жұмыстарын басқаруда пайдалану арқылы оқушылардың кіші сынып жасындағы организмнің даму ерекшеліктері, бұл жастағы организмге қаншалықты деңгейде қимыл- қозғалыс ойындары, ақыл-ой еңбегі керек екендігі анықталады.

- балалар психологиясының жетістіктерін денсаулық сақтау кеңістігін қалыптастыру жұмыстарын басқаруда пайдалану арқылы кіші сынып жасындағы балалардың бойындағы үрейлілік себептері, күйзеліске төзімділік, қорқу және оның алдын алулар, мектепке және жаңа ортаға бейімделу процестері, балалардың өзін тануы мен сезінуі, балаларға қолдау көрсету, балалар арасындағы буллинг жағдайларын анықтау және алдын алу іспеттес шаралар түрлі психологиялық әдіс-тәсілдер арқылы диагностикалық шаралар жүргізіліп, балалардың психикалық ахуалы анықталып отырылады.

- гигиена және санитария ғылым саласындағы зерттеулерді білім беру саласын басқаруда қолдану арқылы оқу жағдайына қойылатын тазалық талаптарының нормалары мен көрсеткіштері айқындалады, нәтижесінде кіші сынып жасындағы оқушылардың денсаулығы нығая түсуіне түрткі болады.

- медицина саласының зерттеулерін бастауыш мектепте денсаулық сақтау кеңістігін қалыптастыру жұмыстарын басқаруда қолдану арқылы оқушылардың денсаулық жағдайына мониторинг жүргізудің заманауи тәсілдері (технологиялары), оқушылар арасындағы ауруларды алдын алу шаралары, алғашқы медициналық көмек көрсету жұмыстары ұйымдастырылады.

- педагогика саласының зерттеулері мен жетістіктерін денсаулық сақтау кеңістігін қалыптастыру жұмыстарын басқаруда пайдалану арқылы оқушылар арасында өз денсаулығын құндылық деп санауға және өз денсаулығына жауап кершілікпен қарауға алғышарт болатын ағартушылық жұмыстар жүргізіліп, бұл балалардың денсаулығын сақтауға өзіндік бір арнайы құзыреттілігінің қалыптасуына түрткі болады.

Бастауыш мектепте денсаулық сақтау кеңістігін қалыптастыру жұмыстарын басқаруда түрлі ғылым салаларының жетістіктерін пайдалану білім беру саласының менеджменті ілімінде іргелі қадамдардың жасалуына және менеджмент ғылымының дамуына түрткі болары анық.


Бастауыш мектепте денсаулық сақтау кеңістігін қалыптастыру жұмыстарын басқарудағы серіктестік қағидаты. Денсаулық сақтау кеңістігін қалыптастыру жұмыстарын басқаруда басқарушы-ол мемлекет және мемлекеттік басқару органдары болып табылады. ал, ұйымдастырушы және атқарушы, жүзеге асырушылар:

- мектеп әкімшілігі.
- педагогтар.
- медицина қызметкерлері.
- мұғалімдер және педагогикалық ұжым.
- оқушылар.
- ата-аналары.

Осы ұйымдастырушы және атқарушы ролін ойнайтын субъектілер мен мемлекеттік басқару органдарының арасында тығыз серіктестікке негізделген қарым-қатынастың орнауы нәтижесінде ғана бастауыш мектепте денсаулық сақтау кеңістігін қалыптастыру жұмыстарын тиімді басқаруға қол жеткізе аламыз.

Аталмыш басқару қағидаттары мемлекет пен мектеп әкімшілігі арасында басқару диалогтарын ұйымдастыру негізінде жүргізіледі дегенімен денсаулық сақтау кеңістігін қалыптастыру жұмыстарын басқару шараларында мынадай серіктестік қауымдастықтары мен ұйымдары өзара бірлесіп әрекет етеді, оларға жататындар:

- ата-аналар қауымдастығы.
- мектептің ғылыми өзін-өзі басқару кеңесі.
- қоғамдық кеңестер.
- ата-аналар жиналысы.
- бірлескен жобалар негізінде (сурет-2).



Сурет-2. Бастауыш мектепте денсаулық сақтау кеңістігін қалыптастыру жұмысын басқарушы және жүзеге асырушы субъектілер (Венн диаграммасы)

Бастауыш мектепте денсаулық сақтау кеңістігін қалыптастыру жұмыстарын басқару әрекеттерінің әрқайсысы әрбір балаға жеке бағытталу қағидаты. Денсаулық сақтау кеңістігін қалыптастыру жұмыстарын басқаруда әрбір оқушының жеке мүдделері және жеке бас қасиеттері мен мүмкіндіктері ескерілуі қатаң қадағалануы тиіс.

Соңғы уақытта білім беру процесіндегі барлық дерлік реформалар және жаңашыл өзгерістер-оқу процесінің білім алушыларға жеке бағытталуын талап қылып қоюда. Өйткені, оқу процесі және денсаулықты қорғау мәселелері санға емес, сапаға бағытталуына қажеттіліктер туындауда. Ал, сапаға өту үшін әрбір білім алушының жеке мүдделері ескеріле білуі керек болады. Сол үшін де денсаулық сақтау кеңістігін қалыптастыру жұмыстарын басқаруда сол кеңістіктегі білім алушының барлық мынадай қасиеттері жеке-жеке талқыға салыну арқылы ғана басқару шешімдері мен басқару әрекеттері жүргізілуі керек, ол қасиеттерге жататындар:

-оқушыларды оқыту тәсілдерін таңдап алуда балалардың жеке ерекшеліктерін ескеру.

-бастауыш сыныпта дене шынықтыру сабақтарын ұйымдастырғанда немесе балалардың қимыл-қозғалысын жетілдіруге бағытталған ойындарды қолданғанда оқушының денсаулық топтарын анықтау (алдын ала).

-балалардың жеке ерекшеліктерін ескерген күйде ақыл-ой және дене жүктемелерін беру.


-балалардың денсаулық жағдайын ескере отырып, білім беру бағдарламаларының жүргізілуін қадағалау.

Бастауыш мектепте денсаулық сақтау кеңістігін қалыптастыру жұмыстарын басқаруда оқушылардың денсаулығына зияндылық факторларын алдын алу қағидаты. Жалпы денсаулық сақтау кеңістігі-оқушылардың денсаулығындағы бар ақаулықтарды түзетуге емес, сол нұқсандарды болдырмауға, алдын алуға негізделеді. Білім беру процесі оқушылардың денсаулығына зиян келмейтіндей етіп алдын ала талқыға салынып, ұйымдастырылуы талап етіледі. Осы қағидатты жүзеге асыруда мынадай басқару әрекеттері жасалуда:

-мемлекеттік санитарлық-гигиеналық талаптарға сәйкес келетіндей нормадағы білім беру кеңістігін құрастыру.

-бастауыш сынып оқушыларының өзара оңтайлы қарым-қатынас орнатуына жағдай жасау және балалар ортасындағы психологиялық климатты түзету.

-өз денсаулығына қатысты құндылық дүниетанымын ағартушылық жұмыстары арқылы қалыптастыру (сурет-3,4).



Сурет-3 Оқушылардың денсаулығына зияндылық факторларын алдын алу қағидатын жүзеге асыру шаралары



Сурет-4. Бастауыш мектепте денсаулық сақтау кеңістігін қалыптастыру жұмыстарын басқарудың қағидаттары

Бастауыш мектепте денсаулық сақтау кеңістігін қалыптастыру жұмыстарын басқаруда тоқтаусыздық және құбылмалылық қағидаты. Жалпы қоғам өзгерген сайын білім беру кеңістігі де өзгеріп тұрады. Өйткені, білім беру кеңістігі қоғамның барлық қажеттіліктерін қанағаттандыра алуы тиіс. сол үшін де бастауыш мектепте денсаулық сақтау кеңістігін қалыптастыру жұмыстарын басқару әрекеттері әрдайым тоқтаусыз жүргізіліп, құбылмалылық сипатына ие болады.

Қорытындылай келе, бастауыш мектепте денсаулық сақтау кеңістігін қалыптастыру кешенді әрекеттер жиынтығы болып табылғандықтан, бұл кеңістікті құруда мектептің көптеген персоналдары бірлесіп әрекет етуі қажет етіледі. Бастауыш мектепте денсаулық сақтау кеңістігі тек оқушылар үшін ғана емес, сонымен қатар сол сыныптарда сабақ беретін мұғалімдер, мектеп әкімшілігі және басқа да персоналдар үшін құрылатын ортақ кеңістік болып саналады. Бастауыш мектепте денсаулық сақтау кеңістігін құрудағы мақсат-бастауыш мектепте білім алатын оқушылар, оларға сабақ беретін мұғалімдер мен мектептің басқа да кадрларының оқу және білім беру процесіндегі денсаулықтарына зиян тигізуі мүмкін түрлі факторлардан қорғау амалдарын ұйымдастыру және сол білім беретін мекемеде (бастауыш мектепте) адамдардың денсаулығын нығайтатын кеңістік немесе орта құру. Бастауыш мектепте денсаулық сақтау кеңістігін құрудағы білім беретін мектеп әкімшілігінің алдына қоятын басты мақсаты-сол кеңістік қатысушыларының денсаулығын нығайту, сол қатысушыларға өз денсаулығына жауапкершіліктерін сезіндіру, білім беру мекемесінде мұғалімдер мен оқушылардың денсаулығын нығайтушы факторларды қатаң қадағалау, өз денсаулықтарының сақталуына мүдделілік дағдыларын негіздеу.

ҚОЛДАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:

1. Оглобина г. И. білім беруді басқару ғылымына кіріспе: оқу. әдіс.жәрдемақы. - М., 2004.
2. Исламгулова с. к. мектептің дамуын басқару: технологиялық аспект. Алматы: БАИ.

Оқыту әдісі.пос., 2010.-300 Б.

3. Бондарь В. И. мектеп директорының басқару қызметі: дидактикалық аспект. – Киев, 1987. – 160 Б.

4. Конаржевский Ю. А. оқу-тәрбие процесін педагогикалық талдау және мектепті басқару. - М., 1986.-160с.

5. Кондаков м. и. мектептанудың теориялық негіздері. - М., 1982.

6. Портнов М. Л. мектеп басшысының жұмысы. - М., 1984.

7. Қазіргі мектепті басқару: мектеп директорына арналған нұсқаулық / ред. М.М. Поташник. - М., 1992.

8. Қанаев Б. и. педагогикалық талдау: білім беру мекемесінің басшысы не білуі керек.

/ Кітапхана журналы мектеп директоры, т. 4. - 2010. - М.: Қыркүйек, 2010.- 208с